

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарөткел негізгі
орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Жарөткел ауылы
2024 жыл**

Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Жарөткел ауылы
«Жарөткел негізгі орта білім
беретін мектебі» КММ-сі



Актюбинская область
Айтекебийский район
с.Жаруткель
КГУ «Жароткельская основная
образовательная школа»

Ә. Молдағұлова көшесі № 7, телефон: 71 - 8 - 16 E mail: zharotkel-nobbm @ yandex.kz

Бұйрық № 33

Жарөткел ауылы

29 сәуір, 2024 жыл

«Өзін – өзі бағалау
комиссиясын құру» туралы

1.«Профилактикалық бақылау арқылы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарын өзін – өзі бағалау комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін және мемлекеттік аттестаттауды жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бөлініп берілсін:

1. Алина Г.А - комиссия төрайымы (білім беру ұйымдарының мақсаты мен міндеттері мен құндылықтары);
 2. Жиеналы М.А – оқу ісінің орынбасары (оқу және оқыту, білікті қызметкерлердің болуы);
 3. Хамитова Ж.Ж. – тәрбие ісінің орынбасары (қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау);
 4. Есмаганбетова А.М. – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі (тиімді оқуға ықпал ететін материалдық техникалық база)
 5. Сандибекова А.Ж.- бастауыш сынып мұғалімі (білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету)
2. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырымды қалдырамын.



Мектеп директоры:

Алина Г.А

Жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні: 17.02.1999 ж.

БСН: 990240005577

Берілген күні: 02.02.2021 ж.

Білім беру ұйымының орналасқан жері:

Мемлекеттік лицензия «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген.

Рұқсат беру құжаттары:

Лицензияның берілген күні 2021 жылғы 02 ақпан № KZ11LAA00021537

Лицензияр: «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамсыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

Мектеп жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанындағы №469 қаулысымен бекітілген. Тіркеу нөмірі 68-1904-16-ММ

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Мектептің мекен-жайы: 030112, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылдық округі, Жарөткел ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі №7 үй.

Тел-факс: 8-71339 71-8-16

Электронды адресі: zharotkel_nobbm@mail.kz Сайт: <https://zharotkel-aitekebi.edu.kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мектеп басшысы – Алина Гульжанат Ақылбекқызы. Байланыс телефоны: 8 777 185 51 33

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады. Мектептің құрылтайшы құжаттары қоса салынды. (№1 папкада)

Мектеп ғимараты	1975 жылы салынған
Сыйымдылығы	60
Жалпы мәліметтері	Жалпы ауданы: 874,8 м ² . Ғимарат ауқымы: 2536 Ғимараттың жалпы жұмыс ауданы-747,1 м ²
қабаттылығы	1-қабатты
Жылу жүйесінің түрі	газ
Сумен қамтамасыз етілуі	скважина
Білім беру тілі	қазақ
Педагог кадрлар саны	Педагог саны-22, 3-қоса атқарушы мұғалім
кітапханашы	1
Іс-қағаз жүргізуші	1
Техникалық персонал саны	8
Мектептің материалдық-техникалық базасы	
Сынып бөлмелерінің саны	10
Оқу шеберханасы	0
Жаңа үлгідегі кабинеттер саны	1 – физика (2008 ж), Әмбебап кабинеті
Интерактивті тақта	1
Мектептің жұмыс уақыты	Жұмыстың басталуы: 7:45 мин Жұмыстың аяқталуы: 19:15 мин
Ауысым саны	2

Жарәткел негізгі орта білім беретін мектебі бойынша 9 класс комплектісінде – 52 оқушы. Мектепте оқу-тәрбие процесінде білім алушыларға 22 педагог қызметкер білім береді, соның ішінде 3- қоса атқарушы мұғалімдер. Олардың 77 % жоғары білімді, 23% арнаулы орта білімді мамандар. 2010 жылы мектепке өрттен сақтандыру дабыл қаққышы қондырылды. 2020 жылы 13 бейнебақылау қондырылды.

«Милы бастауыш мектебінің» КММ-нің балансындағы 2008 жылғы (құны-3 000 000 теңгеге) физика кабинеті 2018 жылы берілді. 2023 жылы «Қазақстан халқы қорынан» әмбебап кабинеті алынды.

12-тармақ. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар: 1.Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі

2023-2024 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ УОЖ) және МЖМБС талаптарын басшылыққа алынып оқу жоспары жасалды. 1-9-сыныптарға арналған оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалып, оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілді. 2023 - 2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 95,5 сағат, негізгі орта білім беруге 155 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілді. 2023 - 2024 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып, сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесі Білім класс жүйесіне енгізіліп, әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары мен оқу бағдарламаларының сағат сандары енгізілді. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2023-2024 оқу жылының үлгілік оқу жоспарына сәйкес 1-9 сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. Оқу бағдарламаларын базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, тандау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің тандау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген. Пәндер бойынша оқу бағдаламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды педагогтар әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар Білім класс электронды журналдарына енгізілген.

Мектептің оқу пәндерінің базалық мазмұны негізгі орта білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді, пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. 2023-2024 оқу жылында сыныптар бойынша білім сапасы-70%. Үлгермеуші оқушы жоқ.

2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
67%	71%	83%	100%	71%	60%	71%	50%

4) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Жароткел негізгі орта білім беретін мектебінің 2023 -2024 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары құрылды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы орынбасарының 2023 жылғы 1 ақпандағы №23-324,3 хаттамасының 3-тармағын орындау мақсатында

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар;
 2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе 2023- 2024 оқу жылына арналған білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарын;
 3. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарын;
- 2023-2024 оқу жылының ӘНХ республикадағы жалпы білім беру мектептерінде балаларды тәрбиелеу жұмысының ерекшелігі- жүзеге асыру талап етілді, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 08 қараша 01/5126 хаты және ақпараттық отырысында қабылданған шешімдердің 2023 жылғы 06 қараша №6 хаттамасы 2023--2024 оқу жылында тәрбие субъектілерінен 1 тәрбие ісінің орынбасары, 9 класс жетекшісі, 1 тәрбиешісі, 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 кітапханашы жұмыс жасады.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

5) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілді

2023-2024 оқу жылында мектепте жалпы - 52 оқушы. Мектебімізде 2 үйірме жұмыс жасайды. «Шахмат» үйірмесіне 3-9 сыныптар 26 оқушы. «Театр» үйірмесіне 2-7 сынып 25 оқушы қатысады. Сонымен қатар оқушылар Қарабұтақ селосында орналасқан саз мектебіне-16 оқушы қатысады.

6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру
Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы жоқ.

7. УОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру

2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативтік компоненттің оқу жүктемесінің оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілді. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілді. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті орындалған.

8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы зерделеу

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 14 тармағы 24 тармақшасын орындау мақсатында

. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілді. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 75 тармағы 6 тармақшасын орындау мақсатында

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы іске асыру

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 25 тармақшасын орындау мақсатында

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 14 тармағы 35 тармақшасын орындау мақсатында

5-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жолда жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сыныптан тыс уақытта жүргізілді. Тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылды. ЖЖЕ оқу курсы бойынша сынып журналының соңғы беттеріне жазылды.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші

санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 20 % болу керек болса, Жар-ткел негізгі орта білім беретін мектебінде 4 бастауыш сынып мұғалім 2 педагог-сарапшы, 1 педагог-модератор, 1 педагог, 50% құрайды Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 33 %; болса, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі 42 % құрайды.

Мектепте медициналық кабинет жоқ. 0,25штаттық бірлікте ауыл фельдшері қызметін қоса атқарады. Мектепте 12 орындық асхана жұмыс жасайды. Асхана жеке кәсіпкер Кеншинбаева Г.Р. (Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Оспанов, 2. Тел:26-4-37). Асхана бір электр пешпен, 1 тоңазытқыш, 1 мұздатқышпен және басқа да барлық құралдармен толық жабдықталған. Оқушылар барлық санитариялық талаптарды сақтай отырып, мектепте тамақтану ұйымдастырылған. Толық мәлімет «Тамақтану» бөліміне енгізілді.

Өрт қауіпсіздік талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі бойынша ғимаратта бір өртке қарсы бұрыш бар, онда күрек, сүймен, құмы бар жәшік, екі өрт сөндіргішпен жабдықталған. Ғимаратта 2010 жылы дабылқаққыш қондырғылары орнатылған. Жыл сайын келісім-шарт негізінде дабылқаққыш қондырғысының техникалық жағдайын тексеріледі. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды тағайындау туралы бұйрығы, өртке қарсы қауіпсіздік шаралары туралы нұсқаулықтың көшірмелері, келісім-шарттары жинақталған. Ғимаратта «Өрт қауіпсіздік ережелері» бұрышы жасақталған.

Мектепте 1 информатика кабинеті бар. Онда әмбебап кабинеті орналастырылды, интернет қосылған компьютер саны 1, барлық ноутбуктар Wi-Fi арқылы интернетке қосылылады.

Мектепте барлығы 6 оқу кабинеті бар. Оның ішінде бастауыш класс, физика-химия-биология, информатика, тарих-география, қазақ-орыс тілі мен ағылшын тілі, мектеп алды даярлық бар.

Мектепте ер және қыз балаларға арналған бөлек дәретханалар бар. Қыз балаларға арналған – 1 унитаз, ер балаларға арналған – 1 унитаз, 1 жуынатын раковинадан орнатылған және 1 қол кептіргіштер ілінген.

2020 жылы мектепке 13 дана бейнебақылау камералары орнатылған. Оның ішінде ғимарат аумағы бойымен сыртта 6 камера, ғимарат ішінде 7 камера бар. Бейнебақылау камералары барлығы іске қосылуы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ғимаратқа кіре берісте пандус орнатылған. ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» №76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларына сай мектепте ауыз су режимі ұйымдастырылады. Ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді. Суға арналған диспенсер тұрақты түрде тазартылады. Су ішу үшін 1 реттік қолданылатын стакандар пайдаланылады. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін бұйрықпен жауапты болып мектеп директорының шаруашылық меңгерушісі бекітілді. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болатын барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қолжетімдігі қамтамасыз етілген.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінің Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін қойылатын 16-1 «№44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және №216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы» біліктілік талабы сақталған. Мектепте 1 кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхананың жалпы ауданы – 36м². Кітапхана қорында жалпы кітап қоры – 8790 дана. Оның ішінде қолданыстағы жаңа буын оқулықтары – 983дана. Соңғы 5 жылда алынған көркем әдебиет қоры – 7807 дана. Кітапханадағы оқырман саны – 74, кітапханаға келушілер саны -350, кітап беру саны – 350.

Кітапхана қорын жыл сайын ескірген, программаға сәйкес келмейтін оқулықтарды есептен шығарылған. Алынған оқулықтар арнайы құжат арқылы кірістіріліп, акт арқылы есептен шығарылған.

13- тармақ. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар. 1. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы

2023-2024 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкестігі сақталған. 2023-2024 оқу жылындағы апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1 сыныпта – 19,5 сағат, 2 сыныпта – 24 сағат, 3 сыныпта – 26 сағат, 4 сыныпта – 26 сағаттан, негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағатты құрайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

2023 – 2024 оқу жылдары бойынша жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері жасалып бекітілді. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалды. Сынып журналдарын, жұмыс оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталған. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

3. Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Ерекше білімді қажет ететін оқушы жоқ.

14- тармақ. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. 1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әр бір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)

Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерінен білім алушылардың білім деңгейі «Білім класс» электрондық журналдан анықталады. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Аттестаттау жұмыстары хаттамамен рәсімделген. Аттесттау барысында білім алушылардың бағдарламаны игергендігі анықталған. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары алынған, сынып журналдарында көрсетілген. Практикалық және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. 5-8 сыныптар қазақ тілі пәнінен емтихан тапсышып, қорытынды бағасы шығарылып, оқу жылының қорытындысы бойынша сыныптан-сыныпқа көшірілді. Оқу жылы бойынша 9-сынып бойынша емтихан кестесі жасалып, бекітілді, емтихан оқу бағдарламасына сай жүргізілді емтихан хаттамалары талапқа сай жазылған. 9 сынып білім алушыларына аттестаттаудың қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы аттестат берілді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Оқу жылдарындағы сынып журналдарындағы бағалау «Білім класс» ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілген.

15-тармақ. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар. 1. Туісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылды. Мектеп директорының бұйрығымен 1- сыныпқа қабылдау бұйрығы шығарылып, оқушылар жинақталған. Оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырады. Бастауыш білім берудің деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл, Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

2. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығын, Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы 01-2-15/5174- хатын басшылыққа ала отырып күн тәртібінде қаралған, хаттамаланған. 1) 2023 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек; 2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-9 сыныптарда – 34 оқу аптасы; 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-9 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан- 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-11 күн (2024 жылғы 21- 31 наурызды қоса алғанда); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда). 2-9 сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут берілген. Барлық сыныптарда оқу жылының ұзақтығы мен оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығының талаптары сақталды.

Қорытындылар мен ұсыныстар






Аттестациялау комиссиясы ұсынады:

- 1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, бітіруші класс оқушылары аралығында жүргізілген кесінділерде көрсеткен білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдап, «Жаратқел негізгі орта білім беретін мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау материалдары Ақтөбе облысының білім саласындағы қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.*
- 2. Мектептің материалдық базасын нығайту мақсатында, қазіргі заман талабына сай жабдықтау, аудандық білім бөліміне сұраныс беру.*
- 3. Мұғалімдерінің өз білімдерін жан-жақты жетілдіру, тәжірибе жинақтау мақсатында түрлі баспа бетіне өз тәжірибелерінен материал жариялау, әдістемелік құралдар әзірлеу, электронды орта даярлап шығару жұмыстары жүйелі түрде жолға қойылсын.*
- 4. Мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеру, педагог-зерттеуші біліктілік санатты мұғалімдер қатарын көбейту мақсатында әдістемелік кеңес жұмысы жандандырылсын.*
- 5. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмыстарын, оқушылардың білім сапасын, мектептің материалдық-әлеуметтік*

базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдай келе, өзін-өзі аттестаттау қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.



Комиссиясының төрағасы:
Комиссиясының мүшелері:

 Алина Г.А.
 Жиеналы М.А.
 Хамитова Ж.Ж.
 Есмаганбетова А.М.
 Сандибекова А.Ж.